

## **ТҮРК ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ШАМАНИЗМ ҚАЛДЫҚТАРЫ**

Аталған мақалада көптеген түрк халықтарында көрініс тауып келе жатқан шаманизм қалдықтары қарастырылған.

*Кілтті сөздер:* шаман, кам, рух, наным-сенім, рәсімдер.

Ежелгі түркілердің діни тарихының алғашқы кезеңі дәстүрлі түркі діні, екінші кезеңі әлемдік діндер дәуірі болып екіге бөлінеді. Дәстүрлі түркі діні негізінен Көк Тәңірге табынуды құраса, әлемдік діндерге буддизм, зороастризм, манихеизм, христиандық, мұсылмандық және иудаизм кіреді. Орта Азия түркілерінің діни мәдениетінен бұл діндердің әсерін әлі де байқауымызға болады. Азияның шығысынан Орталық Еуропаға дейінгі жерді мекендеген түркі халықтарының сенім-нанымында Тәңірі сенімі берік орын алған десек те болады. Алайда, әр түрлі аймақтарда орналасқан түркі халықтарының тілдеріндегі фонетикалық ерекшеліктерге сәйкес Тәңірі сөзінің айтылуында біраз өзгерістер бар. Ғұндар ежелден Көк Тәңірге сенсе, Көктүріктер тәңірі мағынасына келетін тенгри сөзін қолданған. 763 жылы манихеизм дінін қабылдаған ұйғырлар тәңірі сөзінің алдына күн, ай, күн-ай сөздерін қосып күн тәңірі, ай тәңірі, күн-ай тәңірі сөздерін қолданған.

Осы дәстүрлі түркі дінінде, яғни, Көк тәңірге табынуда камдардың маңызы өте зор. Кам сөзі тунгуздардың тілінен алынған, кейіннен көп қолданыстағы шаман сөзі қолданыла бастаған. Көпшілігі күні бүгінге дейін дәстүрлі түркі дінін шаманизм деп те атайды. Тунгуз, ұйғырларда кам сөзі көбіне сиқыршы мағынасын білдіреді. IX ғасырда жазылған Махмұд Қашғаридың «Дивани Лұғат-ит Түркінде» кам сөзі «ғайыптан хабар беруші» мағынасында қолданылған. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінде» «тәуіптер» сөзімен мағыналас болып келеді. Ал, қазақ халқы шаманды кейде «бақсы» деп те атайды. Шамандар тәңірі мен адамдар және рух арасында қатынас жасаушы қабілетке ие адамдар саналынады. Олар өлгеннен кейін де отбасының және қауымның қорғаушысы болып саналады.

Ежелгі дәуірде ел арасындағы бақсылар өздерін жаратушы мен адамның арасындағы қатынасты жалғастырушы, реттеуші деп білген. Олар «Мен жүрген жерде, менің дауысым мен қобызымның үні естілген жерде, жамандық, кесел жүрмейді-міс» деп аңыздар таратқан, өздерін ерекше жаратылған адамбыз деп санаған. Ел көзіне сұсты, жұмбақ болып көріну үшін әлем-жәлем киінген, бет-бейнесінде қорқыныштың ізі байқалған, ауру адамды айналып жүріп қобыз тартқан, үрейлі үнмен өлең айтқан, түсін суытып, зікір салған[1,7]. Өткен ғасырдың қырқыншы жылдары орта жүз аймағына Ресейден арнаулы сапармен келген А.Янушкевич ел арасындағы

бір бақсымен бетпе-бет кездескендегі әсерін «Бақсының қолында қобызы бар, тұрпайы дауыспен жылдамдатып өлең айтты, әулиелердің аттарын атады, жын-перісін шақырды, ішіне отқа балқытылған пышақ ұрып, киіз үйді айнала жүгірді. Мен түнде ұйықтай алмадым: көзіме қызыл тақиялы, жабайы үнді, сайтанның әуені естілгендей болды да тұрды» деп баяндайды[2,220-221].

Жалпы алғанда шамандардың негізгі ісі ауруларды емдеу арқылы өздерінің қабілет-қарымын көрсету болды. Кез-келген адам шаман бола алмайды, оны өз бетімен үйрену де мүмкін емес. Оның екі жолы бар. Біріншісі, белгілі бір шаманның ұрпағынан болу, екінші жолы да шаман болуға табиғи қабілеттің болуы. Шаман болуға деген икемділік және қабілет көп уақыт ғажайып әрекеттермен өзін көрсете бастайды. Селқостық, қиял қуу, жалғыздыққа бейімділік, өз-өзінен сөйлеу т.б. әрекеттер шамандықтың белгісі саналынады. Жындану, жиі-жиі талып қалу, қояншыққа ұқсау, ауызынан көбік ағу сияқты потологиялық көріністер, отқа немесе суға секіру, өзін пышақпен жаралау сияқты әрекеттер де шамандық қабілет пен бейімділіктің белгілерінен саналынады. Шамандар сонымен қатар өліп-тірілу қиялын да басынан өткереді. Оларға негізгі күш беретін қасиет - рух. Қарап отырсақ, шамандардың басым бөлігін еркектер құрайды. Алтай шамандары ақ және қара болып екіге бөлінеді. Ақ шамандар тек қана көкке, жақсылық пен жарықтық рухына ұласса, қара шамандар жамандық пен қараңғылық рухына барады деген сенім болған. Жалпы алғанда, шамандар өмірді өлімнен, денсаулықты аурудан, тазалықты жаман рухтардан қорғайды.

Шамандық наным-сенімдердің көпшілігі тіршілік талаптарынан туындаған. Шамандық түсінік бойынша, адам өлсе де өмір сүре бермек. Қорқыт өлімнен қашса, мұнда да шамандық нанымның іздерін байқауға болады. Ш.Уәлиханов «шамандықтың негізінде табиғат пен адамды қастерлеу басым болған» дейді[3,169].

Көктүркілер кезеңіндегі Тоныкөк жазбаларында тәңірінің түркілерді қорғауы, тіпті оларды басқа ұлттардан жоғары көруіне байланысты Түрік тәңірісі сөзі қолданылған және осы себептен де түркілерде Көк тәңірі халықтық тәңірі, қауымдық діннен гөрі әлемдік тәңірі ретінде қабылданғандықтарын байқауға болады. Орхон жазбаларынан түркілердің жер-суды қасиетті санағандығын байқаймыз. Сонымен бірге түркілер отқа құрмет көрсетеді, отта қасиетті және тазалаушы күш бар екендігіне сенеді. Түркілердегі отқа сиынудың отбасы ошағы сенімімен байланысты екендігіне де мән беруге болады. Отбасы ошағы сенімі аталар сенімімен байланысты. Өлген аталарға тағзым және оларға құрбандық шалу әдеті дәстүрлі түркі дінінде өте маңызды саналынады. Өлген әр атаның рухы және мазары да сиыну орны болып саналады.

Хижра жыл санауының III ғасырында Мавереннахир Ислам мемлекетіне айналады. Ферғанада және төменгі Сырдария бойларында мұсылман түркілер

көбейгеніне қарамастан Исламның түркілер арасында жайылуы тек қана хижраның IV ғасырында жүзеге асқан.

Ибн Фадлан хижраның 310 жылында түрік-бұлғар хандығына бара жатқанда қалың оғыз тайпалары мен башқұрт түркілерінің арасынан өткен. Олардың өмірі және әдет-ғұрыптарына байланысты мағлұматтар берген. Оның айтуына қарағанда оғыздар және башқұрттар шаман. Аруақтарға сиыну, суға сиыну, жылау әдеттері тура VIII ғасырдағы Көк түрік әдеттеріне ұқсайды. Осы Ибн Фадланның саяхатынан 30-40 жылдан кейін Қарахан мемлекеті бірден Түрік Ислам мемлекеті болды. Қарахандықтардан алғаш мұсылман болған Қаған Сатук Бурахан еді. Аңыздарға қарағанда ол кезде екі жүз мың түркі халқы мұсылман болған. Түркі халықтарының барлығы бір уақытта мұсылман болмаған. Тіпті, бір қауым болып саналатын Оғыздардың өзінің толығымен Исламға кіруі 2 ғасыр бойына, қыпшақ даласының исламдануы IX ғасырдан XIV ғасыр басына дейін жалғасқан.

Мұсылман түркілер шаманизмдегі жоқтау, жылау рәсімдерін де ислами тұрғыда орындап келген. Махмұд Қашғари ас өлген адамды көмгеннен кейін үш немесе жеті күнге дейін берілетін тағам дейді. Ас шаман түркілерде “аруаққа сиынуға” байланысты ең үлкен рәсімдерден бірі. Бұл жиында тағамның жалғыз түркілерге ғана емес, өлілерге берілетіндігіне сенген. Өліге берілген ас өлген адамды тойдыру және риза қылу үшін жасалады. Алтай тауларының ормандарында өмір сүріп жатқан шамандар тіпті бүгін де өліге берілген аста өліге “же-іш”, бізге және малымызға тиіспе дейді[4,393]. Қазақ халқында өліге берілген ас қазірге дейін барлық ерекшеліктерімен сақталып келуде. Халқымыз осы шаманның қалдығы бар рәсімге ислами әр берген десек те болады. Ас берілген кезде молдалар Құран кәрімді оқып, қатым түсіреді. Ал, басқа әдеттер шаманизм бойынша жасалады.

Мұсылман түркілерде бүгінге дейін әлі де жалғасып келе жатқан шаманизм іздері көптеп саналады. Атап айтсақ, мазарларға тілек айтып шүберек байлау, мазар басына құрбандық шалу, әулиелердің басына бала көтере алмаған әйелдер келіп дұға оқып, шүберек байлау, көп жылғы шынар ағашын қасиетті деп шүберек байлау әлі де сақталуда. Қорқыт ата хикаясында тау, су, ағашқа сиыну рәсімдерін айқын көруге болады. Хикаяда суреттелген жоқтауда бет жырту, шашын жұлып жылау, айғайлап жоқтау айту, ақ киімді тастап қара жамылу, өлген адамның мінген атының құйрығын тұлдау, жылқы сойып ас беру толығымен шаманизмнің өлілерге сиынуына тән рәсімдер. Оғыз батыры соғысқа кетіп бара жатып жақындарына “үш жыл күтіндер, келмесем мені өлді деп біліңдер, айғыр атымды кесіп асымды беріңдер” деген. Жоқтау айтқанда оғыз әйелдері беттерін жыртып, шаштарын жұлған. Өлген адамның мінген атының кекілі мен құйрық-жалын тұлдау қазақтарда, қырғыздарда, құмықтарда әлі күнге дейін сақталып келе жатқан әдет. Шаманизм жоқтауында аттың құйрық-жалының тұлданғаны сияқты, өлген адамның әйелінің шаштары жесір қалғандықтың белгісі ретінде кесілген. Бұл шаманизмдегі ең ескі әдеттерден бірі.

Мазарларға және ағаштарға шүберек байлау ең алғашқы шаманизм әдеттерінің бірі және барлық мұсылман түркілердің арасында діни міндет сияқты саналады. Мұсылман түркілер осы арқылы әулиенің рухынан көмек сұрайды, бұл әдеттің жайылғандығы соншалық оны білмейтін адам жоқ. Мұсылман түрік шүберекті діни сеніммен, Аллаға сыйынып байлағанда шаманизм әдетін жасап жатқанын аңғармайды.

Соңғы жылдарда башқұрттар арасында этнографиялық зерттеулер жасаған орыс ғалымы Руденко «Қырқты деп аталатын тауды башқұрттар қасиет тұтып, ағаштарына шүберек байлайды» дейді[5,302]. Бұл да башқұрттарда шаман әдеттерінің әлі де сақталынып келе жатқандығын білдіреді.

Шаманизмде ауруларды сауықтыру үшін жасалатын ең маңызды әдеттерден бірі де малмен ауруларды айналдырып, ауруға жабысқан жаман рухты малға аудару. Моңғолдар XVI ғасырдан бері будда дінін қабылдаса да шаман қалдықтарын әлі де сақтап келе жатыр. Ауруларды өлімнен құтқару үшін, туыстарының бірі ауру адамның жанынан айналып, өзінің жанын қияды. Бірақ, моңғолдар арасында соңғы уақыттарда жанын бұлайша қиғысы келетіндер болмағандықтан адам тәрізді пұт жасап аурудың жанынан айналдырып суға тастайды[6,454]. Г.Потанин «Қазақтар қатты науқастанған кезде ақ сарыбас қойды құрбандыққа шалады» деп жазады[7,34]. Бақсылардың ұғымынша, жамандық иесі (ауру) өлмейді, сол себепті оны ауырған адамнан (немесе малдан) басқа бір нәрсеге көшіріп жіберуге ғана болады екен.

XV ғасырда Анадолы Оғыздарында бұл әдеттің біраз ислами түрін Қорқыт Ата кітабында көруге болады. Бұл хикаяда Салур Қазан ұлы Оразды тұтқыннан құтқарғаннан кейін «жанұясы бар қырық құлмен, басы бос қырық құлды ұлының басынан айналдырып бостандық берді» дейді. Бастан айналдырып садақа беру, көз тиіп ауырған адамның басынан тұз айналдырып отқа тастау әдеті қазақ халқы сияқты басқа да түркі халықтарында күні бүгінге дейін орындалуда.

Суға байланысты сенімдерді де бүгіндері халық арасында көптеп кездестіруге болады. Мысалы, Түркиядағы Битлистің маңайында жаназа шыққан үйдің барлық ыдыстарындағы сулар төгіледі. Суларды төгу арқылы олар жанұядағы басқа адамдардың аман-есендіктерін тілейді. Ал, Карста жеті түрлі бұлақтан су жинап әкеп, таңертеңгі намаздан кейін бұл сумен жуынған қыздың бақытты болатындығына байланысты сенім бар. Шанлыурфада таңертең ерте есік алдына су төгілсе үйдің ырысының артатындығына сенеді. Карс және оның айналасындағылар жәйсіз түс көрсе ағын суға айтады, олар сол арқылы қиыншылықтырын, жайсыздықтарын ағын судың алып кететіндігіне сенген. [8,114].

Түркі шаманизмінің ең көп таралған әдеттерінен бірі де жаңбыр, бұршақ жаудыру және дауылды пайда қылу немесе тоқтату күшіне ие тастың бар екендігіне және бұл тастың аталарынан мирас болып қалғандығына сенуі. Бұл тасқа түркілер “яда, жада” немесе “ят” тасы дейді. Қазақтар да жай тасы

деп атайды. Бұл тастың құдіретіне тек қана шаман түркілер ғана емес, бірнеше ислам ғұламалары мен батыстық зерттеушілер де иланған[9,160].

Жай тасына байланысты үлкен түрік ғалымы Махмұт Қашғари “Жаңбыр, қар жауғызып, жел соққызатын тасты көзіммен көрдім. Жаз уақыты еді. Өрт болды. Осы таспен жаңбыр жауғызды. Алла тағаланың рұқсатымен өрт сөндірілді ” дейді (3 том 2 бет).

Түркілердің мәдени тұрмысы, фольклоры, этнографиясын зерттеген танымал ғалым В.В.Радлов 1861 жылы Алтайда Абакан өзенінің айналасында болған кезінде жаңбыр тасына байланысты бір оқиғаның куәсі болады. Жанында жүрген адамның жаңбырды тоқтатып, күннің көзін ашу үшін сиқырлаушы бір дұға оқығандығын жазған.

Шаман Алтайлықтар мен якуттар әлі де осы тастың құдіретті күшіне сенеді. Якуттар жай тасын сата дейді. Олар бұл тасты ат, сиыр, аю, қасқырлардың қарынында болады деп сенеді. Ең күшті тас қасқырдың қарнынан шыққан тас дейді. Жай тасымен якут шамандары жазда жаңбыр, қар жауғызып, керемет дауылдар тұрғыза алады. Якуттар жай тасын адамның басына ұқсас келген жанды зат дейді. Жүзі, көзі, құлағы, аузы өте анық көрінеді, әйел немесе бөтен адамның қолы немесе көзі тисе өледі, күшін жоғалтады, тасты алып жоғары көтерсе тез арада суық ызғар еседі, жаңбыр немесе қар жауады дейді. Ер–Көкше дастанында Алтын Орда мемлекетінің даңқты батырларынан бірі Ер Қосайдың дұшпандарына бара жатқан уақытта шөл далада басынан кешкендерін былай суреттейді «Ер Қосайға жанындағы адамдар шөлдегендіктерін айтып шағымданды. Ер Қосай ұзын құлақты сары атының ер тоқымының астынан жай тасын шығарды, сілкіп-сілкіп жерге қойды. Аспаннан жаңбыр жауып, барлығының шөлін қандырды» [10,120].

Мұсылман түркілердің ішінде қазақ-қырғыздар басқа мұсылман түркілерге қарағанда ежелгі шаман әдеттерін ең көп сақтаған халықтар деп санасақ та болады. Халқымыз сонымен қатар ислам дінінің намаз, ораза, зекет сияқты парыздарын орындайды, жетім мен жесірлерге мейірімділік көрсетіп шапағатын аямайды. Осындай көркем мінездерімен қатар салт-дәстүрлерімізде әлі де ежелгі шаман әдеттерінен арылмағандығын байқаймыз. Үлкен әке ошағының құттылығына, отқа май тамызу арқылы өлілерді риза қылатындықтарына сену сияқты толып жатқан әдеттер осының көріністері болып саналады. Қазақ бақсылары да Алтай бақсылары тәрізді ұзын шаш жіберіп, қобызда ойнаған. Дұғаларында Алладан, пайғамбарымыздан, шейхтардан медет тілейді. Содан кейін аттарын атап жындарды, аталарының және ежелгі бақсылардың рухтарын шақырады.

Қазақтардың той рәсімдерінде де өте көп шаман қалдықтары бар. Мәселен, келін қайынатасының табалдырығын алғаш аттағанда ошаққа май құяды. Ошақтағы отқа май құйған жас келін: “ От Ана, Май Ана, шапағатыңды тигізе гөр, жарылқа!”– дейді. Ал қалыңдықты қоршаған әйелдер қолдарын отқа қыздырып, “Оттай опалы бол!”–деп оның маңдайына тигізеді[11,19]. Ежелгі түркі сенімінде от қасиетті саналған және барлық шаман

көріністерінде орын алған. Белгілі ғалым Л.Н.Гумилев “Иран ұғымында от табынудың символы болып саналса, түрік ұғымында от тазару құралы” дейді.

Қазақтарда “өлі тірілердің сауап-саулығы үшін” деп күйеу әкесі “өлі-тірісіне” бір мал қосады. Халық түсінігінде егер “өлі-тірісі” берілмесе келін ауру болып қалады деген сенім бар. Аяғы ауыр келінді ата-анасы жетелеп апарып, жеті бұлақтың көзін аштыру, бұлаққа май құйып, бастаудың басындағы әулие ағашқа ақ шүберек байлау секілді ырымдар де бар.

Қазақтардың халық ауыз әдебиетінде, тіпті, діни аңыз және қиссаларында да шаманизм іздері баршылық. Хазрет Әлидің кәпірлермен соғысын, Қасен мен Құсайынның өлімі туралы айтылған аңыздарда ислам батырларының тура қазақтар сияқты болғандықтарына сенген. Олардың көмекші рухтары бар, жоқтау айтқанда да қазақтар сияқты айтады, пайғамбарлар да жағасын жырттып, айғайлап жылайды. Қазақтың халық ақындары ежелден келе жатқан дастандардағы батырлардың орнына Хамза, Әли, Құсайын сияқты ислам қаһармандарының аттарын қойып ежелгі дастандардың бір бөлігін ислам аңыздарына айналдырған.

Қырғыздардың “Манас” дастанындағы батырлар ислам діні үшін жиһат жасайды. Кәпірдің ханы болғанша мұсылманның құлы болу жақсы дейді. Дастанда олардың ат басы үлкендігіндей Құрандары бар. Бірақ, аталған дастан басынан аяғына дейін шаман әдеттеріне толы десек те болады.

Қазіргі таңда шаманизм қалдықтарының бір бөлігі халыққа зияны жоқ әдет-ғұрыптар ретінде қалыптасып, діни сеніммен байланысын жоғалтқан. Ал, кейбірі ислам дініндегі қасиетті шарттар сияқты орындалып, қоғамға өзінің зиянын тигізуде. Зиялы дін иелерінің аздығынан, ислам дінінің негізгі шарттарынан хабарсыз кейбір қоғам иелері рухани мұқтаждықтарын дін пердесін жамылған шаманизм қалдықтарымен қанағаттандыруға мәжбүр болады. Қазіргі кезде қоғамымызда толып кеткен халық емшілері, тәуіптер, өлілерден демеу іздеу шаманизмнің ең зиянды қалдықтары болып саналады. Сондықтан да шаманизмнің қоғамға зияны бар кейбір әдеттерінен арылуымыз қажет сияқты. Әйтсе де түркі халықтарының дінінің байып түрленуіне шаманизмнің қосқан үлесі зор болып саналады. Қазақ халқын құрушы басты ру, тайпалардың ислам дініне кіргеніне 10 ғасыр шамасындай уақыт өтті. Соған қарамастан халқымыздың фольклорындағы, этнографиясындағы, жалпы дәстүрлі мәдениетіндегі атадан балаға қалып, ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан шаманизм қалдықтары бүгінгі өркениетті ғасырымызда да фольклордан, этнографиямыздың, мәдениетімізден жойылып кете қойған жоқ.

### **Әдебиеттер**

1. С.Садырбаев, Қазақ халық әдебиеті, Рауан, Алматы, 1990.
2. А.Янушкевич, Дневники и письма и путешествие по казахским степям, Алма-Ата, 1956.
3. Ш.Уәлиханов, Таңдамалы, Алма-Ата, 1985.

4. A. İnan, Türkler, 3с. Ankara,2002.
5. С.И.Руденко, Башкири
6. А.Позднеев, Очерки быта буддистских монастырей и буддизма в Монголии, Санкт-Петербург, 1987.
7. Г.Н.Потанин, Несколько вопросов по изучению поверий, 1889.
8. P.Roux, Türklerde ve Moğollarda su kutsaldır,1989.
9. A. İnan, Tarihte ve bugün Şamanizm, Ankara, 1995.
10. Батырлар жыры, Жазушы, Алматы, 1990.
11. Б.Әлімқұлов, Е.Әбдіраманов, Күйеу келтір, қыз ұзат, тойыңды қыл, Санат, Алматы, 1994.

### **Abstract**

In this article there are traces of shamanism which have occurred in the culture and traditions of Turkic people till our days.

*Keywords:* shaman, kam, spirit, beliefs and rituals.

### **Аннотация**

В данной статье рассматриваются следы шаманизма, которые отражаются в верованиях многих тюркских народов.

*Ключевые слова:* шаман, кам, дух, верование, ритуалы.